

"Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар қызметінің кейбір мәселелері туралы"
Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 1008 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар қызметінің кейбір мәселелері туралы"
Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан
Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин

Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар қызметінің кейбір мәселелері туралы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан
Республикасы Заңының 39-бабы 3-тармағының 27) және 56) тармақшаларына сәйкес
ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Азаматтарды кепілдік берілген әлеуметтік топтамамен қамтамасыз ету
шеңберінде әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларға тауарларды беруге және
қызметтерді көрсетуге өкілеттік берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) азаматтарды кепілдік берілген әлеуметтік топтамамен қамтамасыз ету
шеңберінде әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар тауарларды және көрсетілетін
қызметтерді сатып алатын тұлғаларды анықтасын;

2) осы Жарлықты іске асыру бойынша өзге де шаралардың қабылдануын
қамтамасыз етсін.

3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің
Әкімшілігіне жүктелсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. Тоқаев